

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Медиа саласындағы қателіктер

ЖАРИЯЛАНДЫ  
04.12.2024СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/171109/

## Медиаэтика: медиа саласындағы жиі кететін қателіктер

Бүгінгі ақпараттық технологиялар дәуірінде медиа – қоғамның ажырамас бөлігіне айналды. Ақпараттың қолжетімділігі мен таратылу жылдамдығының артуы – қоғамды хабардар етуде оң рөл атқарғанымен, бұл салада жіберетін қателіктер ақпарат сапасына, сенімділікке және этикаға қатысты мәселелерді туындатады. Журналистер медиа ұйымдары үшін кәсіби стандартты сақтаған жағдайда ғана, қоғам оларға сенім арта алады. Осы мақалада медиа-саласында жиі кездесетін негізгі қателіктер мен олардың салдарын қарастырамыз.

## 1. Жалған ақпарат тарату (дезинформация)

Жалған ақпарат тарату – қазіргі медианың басты мәселелерінің бірі. Ол саналы ақпаратты тексермегеннен туындайды. Қате ақпарат адамдарды адастырып, қоғамда жалған түсінік қалыптастырады

## 2. Тақырыпты сенсациялау

Кейбір медиалар аудиторияны тарту үшін тақырыпты әсірелеп, сенсация жасауды жөн көреді. Бұл материалдың мазмұны мен шындығына көлеңке түсіретіні анық.

## 3. Жеке өмірге қол сұғу

Жеке тұлғалардың рұқсатынсыз олардың жеке өміріне қатысты ақпаратты жариялау – этикаға қайшы әрекет

## 4. Теңгерімсіздік және бейтараптықтың болмауы

Медиа белгілі бір тараптың мүддесін жақтап, біржақты ақпарат таратуы мүмкін. Бұл оқиғалардың объективті бейнесін бұрмалайды.

## 5. Ақпаратты тексермеу (фактчекингтің болмауы)

Кейбір журналистер жеткілікті деңгейде тексермейді. Бұл аудиторияны жалған

ақпаратпен қамтамасыз етуге әкеледі.

## 6. Дереккөздерге сілтеме жасамау

Ақпараттың қайдан алынғанын нақты көрсетпеу – кәсіби стандарттардың бұзылуы. Бұл плагиатқа немесе ақпаратты бұрмалауға әкелуі мүмкін.

### Қорытынды

БАҚ саласындағы қателіктер аудиторияның сеніміне, ақпараттың сапасына және қоғамдағы тұрақтылыққа кері әсерін тигізеді. Бұл мәселелерді болдырмау үшін медиаэтика қағидаттарын ұстану, шынайылықты сақтау және кәсіби стандартты орындау маңызды. Ақпараттық қоғамда медиа – қоғамның айнасы екенін ескерсек, бұл саланың жауапкершілігі одан әрі арта түседі.

**КМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.